

АКТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ОЙЫЛ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІ



АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
АКИМАТ
УИЛСКОГО РАЙОНА

Сүлейменов.

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

29.08.2016

№ 189

Ойыл селосы

село Уил

«Қаракөл негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін «Ойыл аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының 6 бабының 4 тармағының 5 тармақшасын басшылыққа ала отырып Ойыл ауданы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы №1256 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативі талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты «Қаракөл негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ойыл аудандық білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі» болып қайта ұйымдастырылсын.

2. 1-қосымшаға сәйкес қайта ұйымдастырылған «Ойыл аудандық білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

3. 2-қосымшаға сәйкес «Қаракөл негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің штаттық бірліктері қысқартылып, 3-қосымшаға сәйкес «Ойыл аудандық білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің штаттық кестесі бекітілсін.

4. «Ойыл аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (С.Сүлейменов) қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес «Ойыл аудандық білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді ұйымдастыру, директорын тағайындау және қажетті мамандармен толықтыру және осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдау тапсырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қазыбаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Б.Күзембаева

000007

Ойыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы
29 тамыздағы № 189 қаулысына 3- қосымша

«Ойыл аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл
бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
штаттық саны

№	Штаттық бірлік атауы	Бірлік саны
1	Класс мұғалімдері	3
2	Күзетші	3
3	Еден жуушы	0,5
4	Аула сыпырушы	0,5
5	От жағушы оператор	1
6	Мектеп алды даярлық мұғалімі	0,5
	Барлығы:	8,5

Аудандық білім бөлімі басшысы:



С.Сүлейменов